ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СУ САПАСЫ

Нитрат-иондарды анықтау әдісі

КАЧЕСТВО ВОДЫ

Метод определения нитрат-ионов

ҚР СТ 2730-2015

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СУ САПАСЫ

Нитрат-иондарды анықтау әдісі

ҚР СТ 2730-2015

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан метрология институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 қарашадағы №253-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы Стандарт 30884350-02-53-10 Беттік, жер асты және ағынды сулар. Нитрат-ионның массалық концентрациясын анықтаудың потенциометриялық әдісі. KZ.07.00.01240-2010 өлшеулерді орындау әдістемесі ӨОӘ негізінде ISO 5725-6:1994 Accuracy (trueness and precision) of measurement methods and results. Part 6. Use in practice of accuracy values. мемлекетаралық стандартының талаптарын ескере отырып әзірленген.

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II Заңының, «Қазақстан Республикасының тілдері туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Заңының, «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы № 53-II Заңының талаптары іске асырылған.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2022 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

«Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары» ақпараттық сілтемесінде, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні – ай сайын басылып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті ақпарат ай сайын жарияланатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі

СУ САПАСЫ

Нитрат-иондарды анықтау әдісі

Енгізілген күні 2017-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт 0,60 -тан 620,00 мг/дм^3-ге дейінгі массалық концентрация ауқымында хлорид-иондардың 500 мг/дм^3 аспайтын мөлшері бар кезінде барлық су түрлерінде нитрат-иондардың массалық концентрациясын анықтаудың потенциометриялық әдісін белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандарттарды қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 2.1-2009 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Терминдер мен анықтамалар

ҚР СТ 2.18-2009 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеулерді орындау әдістемелері. Әзірлеу, метрологиялық аттестация, тіркеу және қолдану тәртібі.

ҚР СТ 2.79-2014 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Шет елде шығарылған заттар мен материалдардың қасиеті мен құрамының стандарттық үлгілері. Қолданысқа енгізу тәртібі. Негізгі ережелер.

ҚР СТ 1174-2003 Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету.

ҚР СТ ИСО 5667-1-2006 Судың сапасы. Сынамаларды іріктеу. 1-бөлім. Сынамаларды іріктеу бағдарламасын құру жөніндегі нұсқаулық.

ҚР СТ ИСО 5667-6-2008 Судың сапасы. Сынамаларды іріктеу. 6-бөлім. Өзен, бұлақтардан сынама іріктеу жөніндегі нұсқаулық.

ҚР СТ ИСО 5667-9-2013 Судың сапасы. Сынамаларды іріктеу. 9-бөлім. Теңіз суларының үлгісін алу жөніндегі нұсқаулық.

ҚР СТ ИСО 5667-10-2013 Судың сапасы. Сынамаларды іріктеу. 10-бөлім. Ағынды сулардың үлгісін алу жөніндегі нұсқаулық.

ҚР СТ ИСО 5667-11-2012 Судың сапасы. 11-бөлім. Сынамаларды іріктеу. Жер астындағы сулардың үлгісін алу жөніндегі нұсқаулық.

ҚР СТ ГОСТ Р 51592-2003 Су. Сынама іріктеуге қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ ГОСТ Р 51593-2003 Ауыз су. Сынамаларды іріктеу.

ГОСТ 8.010-13 Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеулерді орындау әдістемесі. Негізгі ережелер.

ГОСТ 8.315-97 Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиетінің стандарттық үлгілері. Негізгі ережелер.

ГОСТ 12.0.004-90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігіне үйретуді ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.005-88. Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағының ауасына қойылатын жалпы санитарлық – гигиеналық талаптар.

ГОСТ 12.1.007-76. Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Қауіпсіздіктің классификациясы және жалпы талаптары.

ГОСТ 12.1.019-79 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр қауіпсіздік. Қорғау түрлерінің номенклатурасы және жалпы талаптары.

ГОСТ 17.1.5.04-81 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Табиғи сулардың сынамасын іріктеу, алғашқы өңдеу және сақтауға арналған аспаптар және құрылғылар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 17.1.5.05-85 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Судың үстіңгі қабаты мен теңіз суы, мұз және атмосфералық жауын-шашындардың үлгісін алуға қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 1770-74 Зертханалық шыны өлшеуіш ыдыс. Цилиндрлер, мензуркалар, колбалар, пробиркалар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 4217-77 Азот қышқылды калий. Техникалық шарттары.

ГОСТ 4329-77 Алюмокалийлі ашаудас. Техникалық шарттары.

ГОСТ ИСО 5725-6-2003 Өлшем әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық және прецизиондық). 6-бөлім. Тәжірибеде дәлдік мәндерін пайдалану.

ГОСТ 6359-75 Метрологиялық анероидты барографтар. Техникалық шарттары.

ГОСТ 6709-72 Дистилденген су. Техникалық шарттары.

ГОСТ 9147-80 Зертханалық фарфор ыдыс және жабдықтар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12026-76 Зертханалық сүзгілеу қағазы. Техникалық шарттары.

ГОСТ 17792-72 Үлгілі қанықкан хлор күмістетілген салыстыру электроды, 2-разрядты.

ГОСТ 24104-2001 Зертханалық таразы. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 25336-82 Зертханалық шыны ыдыс және жабдық. Типтері, негізгі параметрлері және өлшемі.

ГОСТ 28498-90 Сұйықтықтық шыны термометрлер. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері.

ГОСТ 29227-91 (ИСО 835/1-81) Зертханалық шыны ыдыс. Градуирлеу тамшуырлары. 1-бөлім. Жалпы талаптар.

Ескертпе - Осы стандартты қолдануда сілтеме стандарттардың қолданылуын жыл сайынғы басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіштерінен ағымдағы жылғы жағдай бойынша және ағымдағы жылда ай сайын шығарылатын сәйкес ақпараттық көрсеткіштен тексерген жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, осы стандартты қолдануда ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз күші жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже, осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандарттағы терминдер [1], [2], [3], [4], ҚР СТ 2.1, ҚР СТ 2.18, ГОСТ 8.010 және ГОСТ ИСО 5725-6 бойынша қолданылады.

4 Өлшеу қателігінің жазылған сипаттамалары

4.1 Осы стандарт өлшеу нәтижелерін 1-кестеде келтірілген мәндерден аспайтын (P=0,95 және n=2 кезінде) дәлдік және (m=2) прецизиондық көрсеткішімен алуды қамтамасыз етеді.

Кесте 1 - Өлшеу қателігінің жазылған сипаттамалары

Шартты дециметрге миллиграмда

Нитрат-ионның массалық концентрациясы	Көрсеткіш			Шек	
	қайталанушылық, σ_r	жаңғырғыштық, σ_R	дәлдік ±Δ*	қайталанушылық, r	жаңғырғыштық, R
0,60 –тан 1,50 –ге дейін қоса алғанда	0,076	0,092	0,18	0,21	0,25
Артық 1,50 " 3,00 "	0,16	0,20	0,38	0,45	0,54
" 3,00 " 6,00 "	0,29	0,35	0,70	0,82	0,98
" 6,00 " 12,00 "	0,58	0,70	1,39	1,62	1,95
" 12,00 " 25,00 "	0,97	1,17	2,31	2,69	3,24
" 25,00 " 50,00 "	1,83	2,21	4,37	5,08	6,12
" 50,00 " 100,00 "	3,32	4,01	7,96	9,19	11,11
" 100,00 " 200,00 "	6,15	7,60	15,44	17,03	21,04
" 200,00 " 620,00 "	11,52	14,13	28,56	31,90	39,14

*1** - шамамен 0,95 сенімділік деңгейі үшін k=2 қамту коэффициенті кезінде өлшеу нәтижесінің U кеңейтілген белгісіздігіне сәйкес

5 Өлшем құралдары, қосалқы құрылғалар, реактивтер мен материалдар

5.1 Өлшем құралдары және стандарттық үлгілер

Зертханалық таразы, ГОСТ 24104 бойынша, өлшеу ауқымы 0,01 –ден 200 г-ге дейін, дәлдік тобы жоғары, қателік ± 0,0002 г.артық емес.

Әмбебап, өлшеу қателігінің шегі ± 0,1 мВ-нен аспайтын кез келген типті иномер (бұдан әрі - иономер) немесе pH-метр-милливольтметр (бұдан әрі - pH-метр) өлшеу қателігі ±0,02 ед. pH артық емес, мынадай электродтармен жиынтықта:

– Нитрат-селективті электрод, 6 мВ/pNO_3 аспайтын электрод мүмкіндігінің ауытқуымен.

– Хлор күмістелген салыстыру электроды, ГОСТ 17792 бойынша.

Аспирациялық психрометр, өлшеу ауқымы минус 25-тен плюс 50 °С-ке дейін, қателігі (± 0,1) °С.

Барометр-анероид, ГОСТ 6359-75 бойынша.

Сұйықтықтық шыны термометр, температура өлшеу ауқымы 0 °С -тен 100 °С-ке дейін, өлшеу қателігі ± 0,2 °С-тен аспайтын, ГОСТ 28498 бойынша.

Механикалық секундөлшегіш, уақыт есептеу ауқымы 60 мин-ге дейін, қателігі ± 1,8 с аспайтын.

Өлшеуіш колбалар 4-2-500-2, 4-2-1000-2, ГОСТ 1770 бойынша.

Тамшуырлар 3-2-2-10(50), ГОСТ 29227 бойынша.

Массалық концентрациясы (1,00 ± 0,05) мг/$см^3$ және салыстырмалы қателігі ± 1 % аттестатталған мәнмен нитрат-иондардың сулы ерітінділері құрамының стандарттық үлгісі (МСУ, МАСУ).

Ескертпе – МСУ типтері Қазақстан Республикасында ГОСТ 8.315 және ҚР СТ 2.79.сәйкес бекітілуі және қолданысқа жіберілуі тиіс.

Барлық өлшеу құралдары белгіленген мерзімде салыстырылып тексерілуі тиіс. Ұқсас немесе одан жақсы метрологиялық сипаттамалары бар басқа өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді пайдалануға рұқсат етіледі.

5.2 Қосалқы жабдықтар мен материалдар

Зертханалық ыдыс:

– колбалар Кн-1-1000-34 ТХС, ГОСТ 25336 бойынша;

– стакан В(Н)-1(2)-50(100, 1000) ТХС, ГОСТ 25336 бойынша;

– фарфорлы, биік отбақыр 4,5, ГОСТ 9147 бойынша;

– кез келген типтегі эксикатор, ГОСТ 25336 бойынша;

Кептіру шкафы, температура ұстау ауқымы 0 °С –тен 350 °С –ке дейін.

Магниттік араластырғыш, 400-ден 1200 об./мин –қа дейін айналу жылдамдығын қамтамасыз ететін.

Сүзгілеу қағазы, ГОСТ 12026 бойынша.

Күлсізденген «ақ таспа», қағаз сүзгілер.

5.3 Реактивтер мен ерітінділер

Азот қышқылды калий, ГОСТ 4217 бойынша. х.т.

Алюмокалийлі ашудас, ГОСТ 4329 бойынша, концентрациясы 100 г/дм^3 ерітінді (буферлік ерітінді).

Дистилденген су, ГОСТ 6709 бойынша.

Басқа ұқсас немесе одан жоғары квалификациялы реактивтерді, басқа нормативті - техникалық құжаттама бойынша дайындалған, соның ішінде осы стандартпен белгіленген қателік сипаттамаларынан аспайтын өлшеу дәлдігін бақылауды орындаған жағдайда, басқа қосалқы жабдықтар мен материалдарды пайдалануға рұқсат етіледі.

6 Өлшеу әдісі

Беттік, жер асты, ағынды суларда нитрат-иондардың массалық концентрациясын өлшеуді нитрат-селективті электродты пайдалану арқылы потенциометриялық әдіспен орындайды. Әдіс индикаторлық электрод мүмкіндігінің зерттелетін сынаманың құрамына тәуелділігін тура өлшеуге негізделген. Градуирлеу кестесінің сипатына әсері буферлік ерітіндіні қосу арқылы жойылатын ерітіндінің иондық күші әсер етеді.

7 Қоршаған ортаны қорғауға қойылатын қауіпсіздік талаптары

7.1 Өлшеулерді орындау кезінде мына талаптарды:

– электрлік қондырғылармен жұмыс жасау кезіндегі электрлік қауіпсіздік, ГОСТ 12.1.007 бойынша;

– химиялық заттармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік техникасы, ГОСТ 12.1.007 бойынша;

– өлшеу құралдарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген қауіпсіздік техникасы бойынша ережелерді;

– зертханада қолданыстағы қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықты сақтайды.

7.2 Зертхана үй-жайы ГОСТ 12.1.004 бойынша өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес және ҚР СТ 1174 бойынша өрт сөндіру құралдары болуы тиіс.

Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігіне үйретуді ұйымдастыру ГОСТ 12.0.004 бойынша өткізілуі тиіс.

7.3 Жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың мөлшері

ГОСТ 12.1.005 бойынша нормадан аспауы тиіс.

7.4 Барлық жұмыстар жұмыс жасап тұрған желдеткіш қосылған сору шкафында өткізіледі.

7.5 Пайдаланылған ерітінділер белгіленген тәртіпте кәдеге жаратылуы тиіс.

8 Оператордың біліктілігіне қойылатын талаптар

Өлшемдерді орындау және талдау нәтижелерін өңдеу бойынша жұмыстарды өткізуге химиялық жоғары немесе орта арнаулы білімі бар немесе химиялық зертханада жұмыс өтілі бар, сәйкес нұсқаулықтан өткен, жаттығу барысында әдісті меңгерген және өлшеу нәтижелерінің сапасын бақылау үдерісін орындау кезінде қанағаттанарлық нәтиже көрсеткен мамандар жіберіледі.

9 Өлшеулерді орындау шарттары

Нитрат-иондардың мөлшерін өлшеуді мына жағдайларда өткізеді:

– ауа температурасы 10 °С -тен 35 °С-ке дейін;

– атмосфералық қысым 84,0 -ден106,7 кПа-ға дейін (630-дан 800 мм рт.б. дейін);

– ауа ылғалдылығы – температура 25 °С кезінде 80 % артық емес;

– желідегі кернеу (220±22) В;

– айнымалы ток жиілігі (50±1) Гц.

10 Сынамаларды сұрыптау және өлшеулерді орындауға дайындық

10.1 Сынама сұрыптау дәне дайындау

10.1.1 Судың сынамасын сұрыптауды, судың типіне байланысты ҚР СТ ИСО 5667-1, ҚР СТ ИСО 5667-6, ҚР СТ ИСО 5667-9, ҚР СТ ИСО 5667-10, ҚР СТ ИСО 5667-11, ҚР СТ ГОСТ Р 51592, ҚР СТ ГОСТ Р 51593, ГОСТ 17.1.5.04, ГОСТ 17.1.5.05 сәйкес өткізеді.

10.1.2 Судың сынамасын мұқият араластырады және дистилденген сумен жуылған «ақ таспа» сүзгісі арқылы сүзеді.

10.2 Ерітінділерді дайындау

10.2.1 Алюмокалийлі ашудас ерітінділерді дайындау, концентрациясы 100 г/дм^3 (буферлік ерітінді)

Массасы 100,00 г алюмокалийлі ашудас аспасын сыйымдылығы 1000 см^3 өлшеуіш колбаға орналастырады, шамамен 900 см^3 дистилденген

суды құяды, аспа толық ерігенше араластырады, белгіге дейін дистилденген сумен жеткізеді және мұқият араластырады.

10.2.2 Нитрат-иондардың ерітінділерін дайындау

10.2.2.1 Нитрат-иондардың 1-NO_3 ерітіндісі, концентрациясы 1 моль/дм^3 (62 г/дм^3)

Массасы 5,0550 г болатын, 2 сағат бойы (105 ± 5) °С температура кезінде кептірілген және эксикаторда салқындатылған азот қышқылды калий ертіндісін сыйымдылығы 500 см^3 өлшеуіш колбаға орналастырады, 200 см^3 азот қышқылдында ерітеді, белгіге дейін дистилденген сумен жеткізеді және араластырады.

1-NO_3 ерітіндісінің сақтау мерзімі – бір ай.

Ескертпе – 1-NO_3 ерітіндісін пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес стандарттық үлгіден (МСУ, МАСУ) дайындауға рұқсат етіледі.

10.2.2.2 Нитрат-иондардың 2-NO_3 ерітіндісі, концентрациясы 0,1 моль/дм^3 (6,2 г/дм^3)

Сыйымдылығы 500 см^3 өлшеуіш колбаға 50 см^3 1-NO_3 ерітіндісін алады, белгіге дейін дистилденген сумен жеткізеді және араластырады.

2-NO_3 ерітіндісінің сақтау мерзімі – бір ай.

10.2.2.3 Нитрат-иондардың 3-NO_3 ерітіндісі, концентрациясы 0,01 моль/дм^3 (620 г/дм^3)

Сыйымдылығы 500 см^3 өлшеуіш колбаға 50 см^3 2-NO_3 ерітіндісін алады, белгіге дейін дистилденген сумен жеткізеді және араластырады.

3-NO_3 ерітіндісінің сақтау мерзімі – бір ай.

10.2.2.4 Нитрат-иондардың 4-NO_3 ерітіндісі, концентрациясы 0,001 моль/дм^3 (62 г/дм^3)

Сыйымдылығы 500 см^3 өлшеуіш колбаға 50 см^3 3-NO_3 ерітіндісін алады, белгіге дейін дистилденген сумен жеткізеді және араластырады.

4-NO_3 ерітіндісінің сақтау мерзімі – бір апта.

10.2.2.5 Нитрат-иондардың 5-NO_3 ерітіндісі, концентрациясы 0,0001 моль/дм^3 (6,2 г/дм^3)

Сыйымдылығы 500 см^3 өлшеуіш колбаға 50 см^3 4-NO_3 ерітіндісін алады, белгіге дейін дистилденген сумен жеткізеді және араластырады.

5-NO_3 ерітіндісінің сақтау мерзімі – бір апта.

10.2.2.6 Нитрат-иондардың 6-NO_3 ерітіндісі, концентрациясы 0,00001 моль/дм^3 (0,62 г/дм^3)

Сыйымдылығы 500 см^3 өлшеуіш колбаға 50 см^3 5-NO_3 ерітіндісін алады, белгіге дейін дистилденген сумен жеткізеді және араластырады.

5-NO_3 ерітіндісін жаңа дайындалған күйінде пайдаланады.

10.3 Иономер/рН-метрді өлшемдерді орындауға дайындау

10.3.1 Жұмыс басталуына дейін 30 минут қалғанда аспапты және сору желдеткішін қосу керек.

10.3.2 Аспапты жұмысқа дайындау қажет, иономер/рН-метр көрсеткіштерін (концентрация, белсенділік) қажетті режимге қою керек, өлшеу бірлігі аспаптың пайдалану нұсқаулығына сәйкес болып табылады.

10.3.3 Электродтарды паспортына сәйкес дайындау

10.4 Градуирлеу кестесін құру

10.4.1 Градуирлеу кестесін алу үшін сыйымдылығы 100 $см^3$ 4 химиялық стаканға тамшуырмен 50 $см^3$-дан 2-NO_3 – 6-NO_3,жиынтығынан дайындалған нитрат-ион ерітіндісін алады, тамшуырмен әрқайсысына 10 $см^3$-дан 10.2 бойынша алюмокалийлі ашудас ерітіндісін қосады, электродтарды минималды концетрациялы ерітіндіден бастай отырып, ерітіндіге батырады, ерітіндіні электромагниттік араластырғышпен үнемі араластыру кезінде милливольтта ерітінділердің ЭДС-ін өлшейді.

Ескертпе – өлшенетін концентрациялардың тар ауқымында жұмыс жасаған кезде, сәйкес өлшеу ауқымын қамтыған жағдайда градуирлеуді нитрат-иондарды, 2-NO_3 - 6-NO_3 жиынтығындағы бір немесе екі ерітіндісі бойынша өткізуге рұқсат етіледі.

ЭДС мәнін есептеуді тұрақты көрсеткішке қол жеткізгеннен соң 2-3 минуттан кейін бастайды. Электродтарды батыру тереңдігі тұрақты болуы тиіс. Электродты келесі ерітіндіге батыру алдында оны дистилденген сумен мұқият жуады және сүзгілеу қағазымен кептіреді.

Алынған деректер бойынша ЭДС ерітіндінің нитрат-иондар құрамына байланысты градуирлеу кестесін құрады.

10.4.2 Өлшеулерді 5-10 рет өткізгеннен кейін градуирлеу кестесінің тұрақтылығына тексеру өткізеді. Ол үшін арнайы дайындалған нитрат-иондардан дайындалған МСУ немесе градуирлеу кестесінің ауқымына кіретін нитрат-ионның градуирлеу кестесінің бір немесе одан артық ЭДС өлшейді. Талдау нәтижесінің ауытқуы зерттелетін ерітінділердің аттестатталған мәнінен 10 % аспауы тиіс. Бұл дерек бойынша өлшеулерді одан әрі жалғастыру немесе градуирлеу кестесін түзету қажеттілігі мүмкіндігі анықталады.

11 Өлшеулерді орындау

11.1 Сыйымдылығы 100 $см^3$ химиялық стаканға тамшуырмен өлшенген 50 $см^3$ зерттелетін суды, 10.1.2, және 10 $см^3$ бойынша дайындалған, 10.2 бойынша алюмокалийлі ашудас ерітіндісін орналастырады араластырады.

11.2 Ерітіндісі 11.1 бойынша алынған химиялық стаканды магниттік араластырғыштың алаңына орналастыралды, оған элетродтарды батырады және иономер/рН-метр тұрақты көрсеткішке (2 – 3 минуттан кейін) жеткеннен кейін аспаптың (ЭДС, мВ) көрсеткіштерін жазады. Сонымен қатар электродтар бату тереңдігінің тұрақты болуын қадағалау керек.

11.3 Сынаманың әр ерітіндісіндегі ЭДС-ті өлшеуді кем дегенде екі рет өткізеді. Сынама ерітіндісіндегі анықталатын компоненттің өлшенетін массалық концентрациясы құрылған градуирлеу тәуелділігінің шегінде болуы тиіс. Егер өлшеу нәтижесі құрылған градуирлеу тәуелділігінің шегінен асатын болса, онда сынаманы араластырады және 11.1-11.2 бойынша араласқан сынама өлшеуді өткізеді.

11.4 Градуирлеу кестесі бойынша талданатын ерітіндінің ЭДС (мВ) алынған шамасына сәйкес нитрат – иондар мөлшерінің мәнін анықтайды

11.5 Талдаудың барлық барысы бойынша бақылау тәжірибесін өткізеді.

12 Өлшеу нәтижелерін өңдеу

12.1 Судағы нитрат-ионның массалық концентрациясын, X, мг/дм^3, мына формула бойынша есептейді:

$$X = \frac{M \cdot 62 \cdot V_1 \cdot 1000}{V_2} \qquad (1)$$

мұнда V_1 – сынама аликвотасы, см^3;

V_2 – араласқаннан кейінгі сынама көлемі, см^3;

62 – нитрат-ионның салыстырмалы молекулярлық массасы, г/моль;

M – градуирлеу кестесі бойынша табылған нитрат-ион мөлшері, моль/дм^3:

12.2 Өлшеу нәтижесі ретінде талданатын элементтің қайталанғыштық шегін қанағаттандыратын (X_1 және X_2) екі параллель өлшеудің орташа арифметикалығы қабылданады (Кесте 1).

12.3 Талдау нәтижесін есептейді және үтірден кейінгі мәнді цифрға дейін дөңгелетеді.

13 Өлшеу нәтижелерінің сапасын бақылау

13.1 Өлшеу нәтижесінің сапасын бақылауды қайталанғыштық, жаңғырғыштық және талдау нәтижесінің дәлдігіне жедел бақылау өткізу арқылы жүзеге асырады.

13.2 Қайталанғыштық жедел бақылауы

13.2.1 Қайталанғыштықтың жедел бақылауы нақты сынамаларды

пайдалану арқылы жүзеге асырылады, мұнда (n) параллель анықтаулардың ең кіші және ең үлкен нәтижелері арасындағы айырмашылық қайталанғыштық r,мына 1-кестеде көрсетілген мәнінен аспауы тиіс (2-шарт):

$$|X_{max} - X_{min}| \le r \qquad (2)$$

13.2.2 Шартты (2) орындаған кезде өлшеудің екі нәтижесі де жарамды болып есептеледі және соңғы нәтиже ретінде олардың жалпы орташа мәнін пайдаланады.

Ескертпе – Өлшеу нәтижесінің жарамдылығын тексеру әдісін ГОСТ ИСО 5725-6 5-тарауға сәйкес қолдануға рұқсат етіледі.

13.3 Жаңғырғыштық жедел бақылауы

13.3.1 Жаңғырғыштықтың жедел бақылауы нақты сынамаларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады, мұнда жаңғырғыштық жағдайында алынған бір сынаманың (X_1) алғашқы және (X_2) қайталама талдау нәтижесінің арасындағы айырмашылық жаңғырғыштықтың мына мәнінен аспауы тиіс, R, (2-шарт):

$$|X_1 - X_2| \le R \qquad (3)$$

13.3.2 Шартты (3) орындаған кезде өлшеудің екі нәтижесі де жарамды болып есептеледі және соңғы нәтиже ретінде олардың жалпы орташа мәнін пайдаланады.

Ескертпе - Өлшеу нәтижесінің жарамдылығын тексеру әдісін ГОСТ ИСО 5725-6 5-тарауға сәйкес қолдануға рұқсат етіледі.

13.4 Дәлдіктің жедел бақылауы

Дәлдіктің жедел бақылауын екі тәсілмен өткізеді:

– стандарттық үлгіні пайдаланумен (СҮ);

– қоспа әдісімен.

13.4.1 СҮ пайдалану арқылы дәлдіктің жедел бақылауын СҮ мәнін аттестаттаумен СҮ талдау нәтижесін салыстыруда болып табылады. Талдау нәтижесінің сапасын (4) шарт орындалған кезде қанағаттанарлық деп есептейді:

$$|\overline{X} - C| \le \Delta, \qquad (4)$$

мұнда C_m –СҮ талдау нәтижесі, мг/дм^3;

$\overline{X}$ – СУ элементінің аттестатталған мөлшері, мг/дм^3.

Δ – 1-кестеде көрсетілген СУ аттестатталған мәніне сәйкес дәлдік көрсеткіші.

13.4.2 Қоспа әдісін пайдалану арқылы дәлдік жедел бақылауы

13.4.2.1 Қоспа әдісін пайдалану арқылы дәлдік жедел бақылауын $К_к$ жеке алынған бақылау процедурасының нәтижесін $К_д$ бақылау хъхпроцедурасымен салыстыру арқылы өткізеді.

13.4.2.2 Бақылау үшін үлгі ретінде жұмыс су сынамалары болып табылады. Бақылау үшін алынған су сынамасының көлемі әдістеме бойынша талдау өткізу үшін қажетке қарағанда екі еселенген көлемге сәйкес болуы тиіс. Сынаманың бір бөлігіне нитрат-ионның 2-NO_3 – 3-NO_3 ерітінділерінің қоспасын енгізеді.

13.4.2.3 Бастапқы сынамадағы қоспа мөлшері нитрат-ионның мөлшерінен 50 % -дан 100 %-ға дейін болуы тиіс. Қоспа көлемі сынама ерітіндісінің көлемінен 5 % -нан аспауы тиіс. Егер бастапқы сынамадағы нитрат-иондардың мөлшері өлшеу ауқымының төменгі шегінен аз болса, онда қоспа мөлшері өлшеу ауқымының төменгі шегінен 2-3 рет жоғары болуы тиіс.

13.4.2.4 Бақылау процедурасының нәтижесін $К_к$ мына (5) формула бойынша есептейді:

$$К_к = \left| X'_Л - X_л - C_д \right|, \quad (5)$$

мұнда $X_л$ – жұмыс сынамасындағы нитрат-иондардың массалық концентрациясының бақылау өлшеу нәтижесі, мг/дм^3;

$X'_Л$ – таныс қоспалы сынамадағы нитрат-иондардың массалық концентрациясының бақылау өлшеу нәтижесі, мг/дм^3;

$С_д$ – нитрат-иондар қоспасының өлшемі, мг/дм^3.

13.4.2.5 Дәлдік жедел бақылауының нормативін $К_д$ мына формула бойынша есептейді:

$$К_д = \sqrt{\Delta^2_{\overline{X'}} + \Delta^2_{\overline{X}}}, \quad (6)$$

мұнда $\Delta_{\overline{X}}\left(\Delta_{\overline{X'}}\right)$ - өлшеу нәтижесі дәлдігінің көрсеткіші, 1-кесте бойынша сәйкесінше жұмыс сынамасы мен қоспалы сынамадағы нитрат-иондардың мөлшеріне сәйкес, мг/дм^3.

13.4.2.6 Бақылауы процедурасының сапасын мына (7) шарттарды орындаған кезде қанағаттанарлық деп есептейді:

$$\left| К_к \right| \le К_д, \quad (7)$$

13.5 Өлшеу нәтижесінің сапасын бақылауды қайталанғыштық, жаңғырғыштық және дәлдік бақылау нормативі шегінен асып кеткен жағдайда өлшеулерді қайталайды. Қайтадан нормативтер асып кеткен жағдайда қанағаттанғысыз нәтижелерге әкелетін себептер анықталады және оларды жояды.

13.6 Қайталанғыштық жедел бақылауын талдаудың әр нәтижесін алу кезінде өткізеді. Жаңғырғыштық және дәлдік жедел бақылауын айына 1 реттен кем емес рет, сондай-ақ жұмыста ұзақ уақыт үзіліс болғанда реактивтерді ауыстыру кезінде және талдау нәтижесіне әсерін тигізетін басқа өзгерістер орын алған жағдайларда өткізеді.

14 Өлшеу нәтижелерін ресімдеу

14.1 Құжаттардағы оны пайдалануды қарастыратын ($\overline{X}$) өлшеу нәтижесі (8) мына түрде көрсетіледі:

$$\overline{X} \pm \Delta, \qquad (8)$$

мұнда Δ – талдау нәтижесінің абсолюттік қателігі (дәлдік көрсеткіші) 1-кестеге сәйкес, мг/дм^3.

14.2 Құжаттардағы оны пайдалануды қарастыратын өлшеу нәтижесі (9) мына түрде көрсетіледі

$$P=0,95,\ k=2 \text{ үшін } \overline{X} \pm U \qquad (9)$$

мұнда U –сенімділік деңгейі шамамен, 1-кестеге сәйкес P=0,95 және қамту коэффициенті k=2, мг/дм^3 кезіндегі өлшеу нәтижесінің кеңейтілген белгісіздігінің мәні.

Библиография

[1] «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 07.06.2000 ж. № 53-II.

[2] РМГ 43-2001 Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. «Өлшем белгісіздігін көрсету жөніндегі нұсқаулық».

[3] РМГ 61-2010 Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сандық химиялық талдау әдістемелерінің дәлдігі, дұрыстығы, прецизиондығы. Бағалау әдістері.

[4] РМГ 76-2004 Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сандық химиялық талдау нәтижелерін ішкі бақылау.

ӘОЖ 543.25 **МСЖ 13.060**

Түйін сөздер: судың сапасы, өлшеудің потенциометриялық әдісі, нитрат-иондарды анықтау

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КАЧЕСТВО ВОДЫ

Метод определения нитрат-ионов

СТ РК 2730-2015

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт метрологии» Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 30 ноября 2015г. № 253-од

3 Настоящий стандарт разработан на основе методики выполнения измерений МВИ 30884350-02-53-10 Воды поверхностные, подземные, сточные. Потенциометрический метод определения массовой концентрации нитрат-иона KZ.07.00.01240-2010 с учетом требований межгосударственного стандарта ISO 5725-6:1994 Accuracy (trueness and precision) of measurement methods and results. Part 6. Use in practice of accuracy values.

4 В настоящем стандарте реализованы положения Закона Республики Казахстан «О техническом регулировании» № 603-II от 9 ноября 2004 года, Закона Республики Казахстан «Об обеспечении единства измерений» № 53-II от 7 июня 2000 года, Закона Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» № 151-I от 11 июля 1997 года.

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2022 год**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок – в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Национальные стандарты».

